

Шетелдік нақты валютаға есеп айырысуды тексеру

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Өкімі 1995 жылғы 18 қаңтар N 25

1. "Қазақстан Республикасының валюта нарығын ретке келтіру мен дамыту жөнінде 1995 жылға арналған шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 9 қаңтардағы N 2013 U952013_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Ішкі істер министрлігі және Қаржы бақылау комитеті үстіміздегі жылдың 16 қаңтарынан бастап бұған дейін шетелдік нақты валютаға жұмыс орындау мен қызмет көрсетуге құқық беретін лицензиялар бойынша жұмыс істейтін шаруашылық жүргізуші субъектілердің: қонақ үйлерде, казиноларда, барларда, туристік бюроларда, сауда орындарында және тағы басқаларда есеп айырысудың жаңа белгіленген тәртібін сақтауына бірлескен тексеру жүргізсін.

Шетелдік нақты валютаға есеп айырысуды бұзушылық байқаған жағдайда кінәлі адамдар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапқа, тіпті қылмыстық жауапқа тартылсын.

2. Министрліктердің, ведомстволардың басшылары мен облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының 2-тармағының орындалуына бақылауды қамтамасыз етсін.

Премьер-министр